

**ТМРА төрағасы М.М. Оспановтың Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісінде Үкіметтік сағаттағы баяндамасы**
(Астана қаласы, 2013 жылғы 18 наурыз)

Құрметті депутаттар!

Агенттік қызметінің негізгі және басым бағыты - тұтынушылар құқығын қорғауды қамтамасыз ететін монополиялық секторды мемлекеттік реттеу жүйесін дамыту. Мемлекет басшысы Агенттікке тарифтерді ашық қалыптастыру және табиғи монополия субъектілерінің инвестициялық міндеттемелерін бақылауды күшейту шараларын қабылдау міндетін қойды.

Құрметті депутаттар, Сіздер, өткен жылғы Үкімет сағатында энергия мен ресурсты сақтау, инвестициялық тарифтермен жұмыс істейтін субъектілер санын көбейту және тұтынушылар құқығын қорғау механизімін жетілдіру міндетін қойғансыздар.

Агенттік 1194 табиғи монополия субъектісі қызметіне тарифтік және техникалық реттеу функциясын, сонымен қатар 130-ға жуық доминант субъектіге баға белгілеу функциясын жүзеге асырады.

Экономиканы дамыту қарқынын қамтамасыз ету, сол арқылы азаматтар өмірінің сапасын жақсарту үшін тарифтік саясаттың үш негізгі бағытын айтуға болады:

біріншіден тұтынушылар құқығын қорғау;

екіншіден реттелетін секторды жаңа әдістер арқылы жаңғырту;

үшіншіден «жасыл» экономикаға көшу және ЭКСПО-2017-ге дайындалу.

Жоғарыда атап өткен, біздің қызметіміздің негізгі бағыты тұтынушылар құқығын қорғау болып табылады. Тұтынушы ақшаның сапалы қызметке қол жеткізу мен сенімділікті қамтамасыз етуге жұмсалғанын білуі қажет.

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Заңда халыққа ақпарат беру, қабылданатын шешімдер ашықтығы, субъектілердің қызметін бақылау және заңнаманы бұзған жағдайда ден қою шараларын қабылдау нормалары көзделген.

Мемлекет басшысының тапсырмасына, сондай-ақ Сіздердің түсіндіру жұмысын жүйелі жүргізу жөніндегі ұсыныстарыңызға сәйкес:

- тұтынушылар қатысуымен тарифтерді өзгерту бойынша жария тыңдау өткізіледі;

- субъектілер жыл сайын тұтынушыларға есеп береді *(2012 жылы 723 есеп берілді)*;

- тарифтік смета коммерциялық құпия болмайды;

- сараптама кеңесі отырыстары өткізіледі, тұтынушылар тарифтер мен бағаларға сараптама жүргізу үшін осы отырыстарға қатысады *(16 өңірлік және 3 республикалық Сараптама кеңесі жұмыс істейді)*;

- 36 дәрістік топ құрылды. Осы топтар қала, аудан тұрғындарымен 1150 кездесу өткізді.

Тұтынушыларға жағдай жасау мақсатында оларға тұтынушы калькуляторын дайындадық. Әрбір азамат Агенттіктің Интернет-ресурсы арқылы бірнеше минут ішінде төлемақы дұрыстығын тексере алады.

Сондай-ақ Агенттік Call-орталығын құру жұмысын бастады.

Әр өңірде азаматтар өтінішіне жедел ден қоятын жұмыс топтары құрылды, олардың құрамына әкімдік, қоғамдық бірлестік өкілдері кірді. Жұмыс топтары көрсетілетін қызмет сапасы бойынша 710 өтінішті жергілікті жерге барып қарады.

Бұдан басқа Агенттік жұмысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау мақсатында табиғи монополия субъектілері объектілерінде 76 баспасөз-тур өткізілді, 3 бейнеролик жасалды, баспасөз басылымында 566 материал жарияланды, телеарналарда 266 бейнесюжет эфирге шықты, 21 интернет-конференция өткізілді.

Бірақ осы жұмыс жеткіліксіз. Бүгін Агенттік бастамасымен әрбір монополист жаңғырту мен реконструкциялауды жариялау үшін Медиа-жоспар дайындады.

Агенттік сайтында табиғи монополия субъектілерінің инвестициялық бағдарламасы орналасады, ал тексеру қорытындысы бойынша – әрбір іс-шараны орындау туралы есеп жарияланады.

Заңнаманың сақталуын бақылау және тұтынушылар құқығын бұзуға жол бермеу мақсатында 471 тексеру жүргізілді, заңнама бұзушылығын жою туралы 744 нұсқама енгізілді, әкімшілік құқық бұзушылық істерге қатысты 382 қаулы қабылданды, 376 сот талқылауға қатысты. 205 млн. теңгеден асатын айыппұл өндіріп алынды.

Тұтынушыларға өткен жылы келтірілген шығынды өтеу үшін Агенттік 192 субъектіге уақытша өтемдік тариф енгізді. Тұтынушыларға жалпы 2 млрд. теңге қайтарылды.

Сыртқы ауа температурасы өзгеруіне байланысты 2011-2012 жылдардағы жылыту маусымына төлемақы қайта есептеліп, халыққа 907 млн. теңгеден асатын қаражат қайтарылды.

Сонымен бірге Мемлекет басшысы 2050-Стратегиясында елді дамытуға арналған жаңа міндеттерді, сондай-ақ ағымдағы жылғы 23 қаңтарда Үкімет отырысында инфрақұрылымды дамыту жөнінде тапсырмалар берді. Олар экономиканың тиімді инфрақұрылымын жасауға, тұтынушы құқықтарын қорғау механизімін жетілдіруге, заңнамаға өзгерістер енгізу арқылы ынталандыру әдістерін қолдануға жағдай жасауды талап етеді. Парламентке осы өзгерістермен келген кезде Сіздер қолдайды деп сенеміз.

Бүгінгі күні бірқатар мемлекеттік органдар тұтынушы құқығын қорғау аясындағы заңнаманың сақталуын бақылайды.

Нәтижесінде тұтынушылар арызына ден қою шараларын жетілдіру қажет, себебі көптеген жағдайда әкімшілік ресурстар қолданылады.

Агенттікке өткен жылы түскен өтініштерді талдау слайдта көрсетілген. Өтініштердің жалпы санының 7%-ын арыздар құрайды. Бұл ретте арыздардың 40%-ға жуығы басқа мемлекеттік органдардың құзыретіне де қатысты.

Сонымен бірге барлық мемлекеттік бақылау органдары өзара тиімді іс-қимыл жасағанда ғана тұтынушыларды нақты қорғауға болады.

Жария іс-шаралар ойдағыдай нәтиже бермей отыр деп айтуға болады, өйткені тұтынушылар да, бұқаралық ақпарат құралдары да оларға қызығушылық танытып отырған жоқ.

Аталған факторлардың бәрі біздің жұмысты күшейтуге және қоғамдық ұйымдармен белсенді іс-қимыл жасауға негіздейді.

Осыған байланысты:

тұтынушылар құқығын қорғау кезінде қоғамдық ұйымдардың рөлін арттыру және мемлекеттік қолдауды көздеу қажет.

Бірқатар міндеттерді іске асыра бастадық, атап айтқанда:

Агенттік және «Атамекен» Одағы» Қазақстан Ұлттық Экономикалық палатасы, сондай-ақ Қазақстан тұтынушылары ұлттық лигасы арасында ынтымақтастық туралы Меморандумдарға қол қойылды;

Агенттік және «Көмекші» қауымдастығы бірлескен іс-қимыл шараларын жүзеге асыру жоспарын қабылдады;

Бас прокуратурамен және Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитетімен бірлескен іс-қимыл жоспарын жасау мәселесі қаралуда.

Сондай-ақ Агенттік қызмет сапасы мониторингі жүйесін дайындауда.

Осыларды ескере отырып, бүгін біз заңнаманы жетілдіретін жұмыс тобын құрдық. Оның құрамына мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктер кірді. Осы топ тариф белгілеу процесінің ашықтығын көтеру, тұтынушылар құқығын қорғауды күшейту, сыбайлас жемқорлық нормаларын және қызметті теріс пайдалану тәуекелін алып тастау және

шешімдер қабылдаудың нақты өлшемдерін айқындау жөніндегі ұсыныстарды 1 сәуірге дейін дайындайды.

Реттелетін сектордың инвестициялық тартымдылығын арттыру және оны жаңғырту үшін 2013-2015 жылдары суға тариф белгілейтін жаңа механизмді енгізуге арналған кешенді жоспар әзірленді.

Кешенді жоспарда су арналарын жаңғырту мен реконструкциялау, бірқатар нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген. Олардың мақсаты - суды үнемдеу, инвестицияны қаржыландыру көздерін көбейту болып табылады.

Құрметті депутаттар, Сіздер заңнаманы жетілдіруге қолдау көрсеттіңіздер, соның арқасында инвесторларды тарту үшін 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап өңірлік электр желілік компаниялардың салыстырмалы талдау әдісі (бенчмаркинг) бойынша тарифтер енгізуі мүмкін болды. Осы әдістегі артықшылықтың бірі - шешім қабылдау кезінде «адам факторын» барынша азайту болып табылады.

Алдағы уақытта ынталандыру әдістерін кеңейтуді жоспарлаймыз.

Сіздер қолдау көрсеткен жағдайда жүзеге асатын тағы бір жаңа реттеу әдісі - қуаты шамалы табиғи монополия субъектілерінің өтінім беру компаниясынан хабарлауға көшуі.

Жұмыс нәтижесі бойынша 12 айда 1013 өтінім қаралды, 304 өтінім қабылданбады, 457 тариф көтерілді.

Тарифтер заңнама талаптарына сәйкес бекітілетінін және тарифтерге енгізілетін шығынды қатаң шектейтінін атау қажет. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде 2012 жылы монополистер сұраған табыс 55 млрд. астам теңгеге қысқартылды.

Біздің қызметтің стратегиялық бағытының бірі инвестиция өсімін қамтамасыз ету, осыған байланысты 2012 жылдың қорытындысы бойынша инвестиция шамамен 209 млрд. теңгені құрады, бұл өткен кезеңнен 46%-ға немесе 66 млрд. теңгеге артық.

Бекітілген инвестициялық бағдарламалар 2010-2014 жылдары 853 шақырым жылу желілерін, 12 шақырым су арналары желілерін, 975 шақырым электр желілерін, 12 шақырым газ тарату құбыржолын реконструкциялауға, реттелетін қызметтерді көрсету кезінде қолданылатын 115 дана әртүрлі жабдықты ауыстыруға қаражат жұмсауды көздейді.

Агенттік міндеттерінің бірі инфляция дәлізін асырмау шараларын қабылдау болып табылады.

Статистика деректері бойынша 2012 жылғы 12 ай ішінде тарифтерді өзгерту жөнінде қабылданған барлық шешімдер инфляцияға жиынтық үлесті 1,2% деңгейде қамтамасыз етті. Жоспарланған жылдық шекті мән - 1,9% болған.

Сондай-ақ статистика деректері өткен жылдары реттелетін коммуналдық қызметтерге бағалардың өсуі инфляция қарқынынан аспағанын, қайта төмен деңгейде болғанын көрсетеді. Егер электр энергиясы бағасын алатын болсақ, генерация саласын жаңғырту жұмысы бүгінгі күні елдің энергияға тәуелді болуынан сақтайды.

Қызметтің үшінші бағыты бойынша – **«жасыл» экономикаға көшу және Қазақстан үшін тарихи жағдай – «ЭКСПО-2017»-ге дайындалу.**

Заңнаманы жетілдіру барысында электр, жылу энергиясына, суға сараланған тарифтерді енгізу мүмкін болды.

Сараланған тарифтерді енгізу нәтижесі слайдта көрсетілген, бұл – электр энергиясы мен суды үнемдеу, тұтынушы қаражатын үнемдеу және есептік құралдарды орнатуға ынталандыру.

Нормативтік техникалық шығындар жүйелі түрде төмендетіледі.

Субъектілерге бекітілген 552 өтінімнің 200-і төмендетілді, 18-і ғана – жаңа желілер салуға, сондай-ақ иесіз қалған желілерді субъектілердің балансына беруге байланысты көтерілді.

2012 жылы нормативтік шығынды төмендетуден шамамен 417 млн. теңге үнемделді.

Бүгінгі күні кәсіпорындар қызметінің теріс көрсеткіші нормативтен тыс шығындарға байланысты. Осы шығындарға жабдықты тиімсіз пайдалану, оның жоғары тозу мен ұрлану салдары негіз болды.

2012 жылы нормативтен тыс шығынды төмендетуден шамамен 1,5 млрд. теңге үнемделді. 2013 жылдың аяғына дейін нормативтен тыс шығындарды жою жоспарланды.

Атқарған жұмыстармен қатар есептік құралдарды орнату әлі де өзекті мәселе болып отыр. Үйге ортақ жылу энергиясының есептік құралдары 40%-ға жуық, судың жеке есептік құралдары орта есеппен 85% орнатылды.

Тұтынушыларды есептік құралдарды алуға, ал табиғи монополия субъектілерін оларды жеке шартпен орнатуға міндеттейтін түзетулер «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Заңға 2006 жылы енгізілген. Орнату мерзімі өтіп кеткені өздеріңізге белгілі.

Есептік құралдарды орнатудағы оң серпін слайдта көрсетілген. Бірақ бұл жеткіліксіз. Қазір осы бағытта жұмыс атқарудамыз.

Сондай-ақ шикізат пен материал, отын мен энергия шығысының нормаларын оңтайландыратын, әкімшілік шығыстарды қысқартатын ресурс сақтау іс – шаралары тұрақты жүргізілуде.

Есепті кезеңде 610 өтінім түсті, оның ішінде 192 табиғи монополия субъектісіне нормалар 1,8 млрд. теңгеге төмендетілді.

Ағымдағы жылы Агенттік алдында мынадай міндеттер тұр, атап айтқанда:

Тұтынушылар құқығын қорғау механизімін жетілдіру;

«Жасыл» экономикаға көшуге жәрдемдесу – электр энергиясы мен суды үнемдеу (электр энергиясы мен судың сараланған тарифтерін енгізу практикасын жалғастыру);

Ынталандыру әдістерін қолдануды кеңейту;

Табиғи монополия субъектілерінің инвестициялық бағдарламаны орындауына бақылауды күшейту;

Нормативтік шығынды төмендету және нормативтен тыс шығынды жою, шикізат пен материал шығысы нормаларын оңтайландыру;

Табиғи монополия және реттелетін нарық субъектілерінің өтінімін қарауды электрондық форматқа ауыстыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Осы шаралар арқылы бәсекелестік жеткілікті қалыптаспаған нарықтарда баға мен инфляция процестерін ұтымды және жедел бақылау кешенін жасаймыз деп сенеміз.

Назарларыңызға рахмет!